



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 ж. 25.07

№ 464

Бескөл ауылы

«Мектепке жол» акциясын өткізу туралы

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 55-бабының 2-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі хаты негізінде, балалар жылын іске асыру шеңберінде балаларды есепке алуды тиісінше орындау және оқумен толық қамту, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезінде қолдау көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.білім беру ұйымдарының басшыларына:

- 2022 жылғы 01 тамыздан 30 қыркүйекке дейін әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсетілсін және 1 қыркүйекте әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алуға бағытталған "Мектепке жол" акциясын өткізсін.

- Қызылжар ауданы әкімдігімен бекітілген "Мектепке жол" жалпы республикалық қайырымдылық акциясының ұйымдастырылуы мен өткізу жөніндегі аудандық іс-шаралар жоспарын орындасын.

- педагогикалық ұжымдардың, қамқоршылық кеңестердің, ата-аналар қоғамдастығының, құқық қорғау органдары, денсаулық сақтау және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар қызметкерлерінің әрбір елді мекенде мектеп жасындағы балаларды есепке алу, 9-сынып түлектерін жұмысқа орналастыру және оларды оқытумен қамту бойынша рейдтер өткізу бойынша бірлескен жұмысты ұйымдастырсын.

- аз қамтылған немесе көп балалы отбасынан шыққан нақты оқушыны оқу құралдарымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз ету бойынша практикалық көмек көрсету үшін кәсіпорындар мен ұйымдардың атқарушы органдарының басшыларына бекітуді ұйымдастырсын (келісім бойынша).

- бастауыш сынып, көп балалы отбасылардан шыққан және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тамақтандыруға, тиісті мектептері жоқ елді

мекендерде тұратын оқушыларды мектепке және үйлеріне кері тасымалдауды ұйымдастыруға ерекше назар аудара отырып, оқушылардың сабаққа қатысуы, оларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ерекше бақылауға алынсын.

- акция барысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жөнінде шаралар қабылдасын.

- Мектеп жасындағы балаларды оқытумен қамту мәселесі бойынша педагогикалық кеңестер өткізсін.

- мектепте акция өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірсін.

- акция барысы туралы аралық ақпаратты білім басқармасына ағымдағы жылдың 04, 12, 24 тамызына және 02, 14, 23 қыркүйегіне білім бөлімінің электрондық мекен-жайына ұсыну қажет).

- акция нәтижелері туралы қорытынды ақпаратты 2025 жылдың 20 қыркүйегіне қарай талдау хатымен, фото-материалдармен, БАҚ-та жарияланған мақалалар материалдарының қиындыларымен білім бөліміне ұсынсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің сектор меңгерушісі А.С.Мурзабаеваға жүктелсін.

Негіздеме: СҚО әкімдігі білім басқармасының 21.07.2022 жылғы № 747 бұйрығы.



Басшы

А.Әбдірахманов